

МРНТИ 18.41.85

**Р. Ш. Нуркенов<sup>1</sup>**<sup>1</sup>«KazHeritage» орталығы  
Астана, Қазақстан**САРЫАРҚА КҮЙШІЛІК МЕКТЕБІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ  
(Т. ӘСЕМҚҰЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)****Аннотация**

Мақалада Сарыарқа күйшілік мектебінің күйлеріне талдау жүргізілген. Нысан ретінде күйші Таласбек Әсемқұловтың орындауында Тәттімбет Қазанғапұлының «Молқара» және «Алшағыр-Шаған» атты күйлері қарастырылды. Екі күйде түрлі ырғақ пен стильдік ерекшеліктер қамтылғандықтан арнайы іріктіліп алынды. Мақалада күйлерді талдауда дәстүрлі музыкада қалыптасқан заңдылықтарды сақтай отырып зерттейтін, жаңаша тәсіл ұсынылған. Яғни, домбыра мойынындағы дыбыстарды ноталық атаумен емес, дәстүрлі қоғамдағы байырғы перне атаулармен алынған. Мақала авторының пікірінше, жаңа заманда қазақтың байырғы терминологиясын пайдаланып зерттеулер жүргізу және оқу бағдарламасына енгізу уақыты келді. Бұл арқылы күйлер жаңа көзқараспен зерттеліп, пайдаланылған аталмыш әдіс арқылы бұрын кездеспеген ерекшеліктерді көруге болады. Мақала барысында қолданылған күй талдаудың тың тәсілі, болашақта қолға алынатын күйтану ғылымындағы жаңа ізденіс-мақсатының алғышарттары болып отыр. Автордың пікірінше, осының өзінде ұлттық музыкатану ғылымы жаңаша бағытпен дами түсетінін байқауға болады.

**Тірек сөздер:** Тәттімбет күйлері, перне атаулары, күйді талдау.**Р. Ш. Нуркенов<sup>1</sup>**<sup>1</sup>руководитель центра «KazHeritage»  
Астана, Казахстан**НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ САРЫАРКИНСКОЙ ТРАДИЦИОННОЙ  
РЕГИОНАЛЬНОЙ ДОМБРОВОЙ ШКОЛЫ  
(НА ПРИМЕРЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Т. АСЕМКУЛОВА)****Аннотация**

Цель данной статьи – представить анализ кюев Сарыаркинской традиционной региональной домбровой школы. Предметом исследования являются произведения Таттимбета Казанғапулы – кюий «Молқара» и «Алшағыр-Шаған» из репертуара Таласбека Асемқұлова. Эти два произведения представляют собой наиболее интересный предмет анализа, так как имеют различные ритмические и стилевые особенности. В статье используется новый метод анализа традиционной музыки, подразумевающий использование традиционных названий ладов на шейке домбры (перне) вместо привычных названий нот. По мнению автора статьи, в настоящее время внедрение в учебный процесс традиционных названий ладов актуально. Благодаря использованию в научном обиходе данного метода становится возможным исследовать на новом уровне композиционные особенности кюя и открыть новые аспекты музыкального анализа казахской инструментальной музыки. Принципы, использованные в статье, представляют собой начальный этап становление данной методики анализа. Автор утверждает, что при таком подходе можно сделать новые шаги в развитии казахского музыкознания.

**Ключевые слова:** күй, произведения Таттимбета, название ладов, анализ кюя.

**R. Nurkenov<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>«KazHeritage» center's supervisor  
Astana, Kazakhstan

**SOME FEATURES IN THE REGIONAL TRADITIONAL SCHOOL OF SARYARKA.  
(ON THE EXAMPLE OF THE WORKS BY T. ASEMKULOV)**

**Abstract**

The article provides an analysis of kuys of Saryarka traditional regional school. Two kuys of Tattimbet Kazangapuly – «Molgara» and «Alshagyr-Shagan» from Talasbek Asemkulov's repertoire – were chosen as objects of research. These two compositions are interesting objects of analysis, because they have different rhythmical and stylistic features. A new method of analysis is used in the article. It means that traditional names of dombyra frets (perne) should be used instead of regular note names. In author's opinion the use and adopt traditional terms in music education the former. When using traditional names of frets compositions can be analysed in new ways, and features of Kazakh instrumental music that were unknown before can be discovered. Principles used in this article are only the initial stage of the implementation of this method of analyses. The author claims, that even at this stage new steps in the development of national music research could be made.

**Keywords:** kuy, kuys of Tattimbet, traditional names of frets, analysis of kuy.

Сарыарқа даласы еліміздің орталығын алып жатқан ұлан-ғайыр мекен. Түрлі мәдени ерекшеліктерімен дараланып тұрған аймақ сан ғасырлар бойы оны мекендеген халықтың алтын бесігіне айнала алды. Тарихи оқиғалар мен ұлттық жетістіктерге куә болып, біздің заманымызға көптеген құндылықтарды жеткізе білді. Бұл, әсіресе, ұлттың бір сипатын білдіретін, «қазақтың жаны» аталып кеткен күй және күйшілік өнерге қатысты тұжырым. Арысы Шалқазак пен Байжігіт, кейінгі Тәттімбет пен Кенжебай, одан кейінгі буын Әбди мен Әбікен Хасенов сынды күйшілер Сарыарқада қалыптасқан мектептің жарқын өкілдері еді. Бүгінгі мақаламызда шығармашылығы қарастырылатын Таласбек Әсемқұлов та осы даралардың қатарында.

Мақаламызда Тәттімбет Қазанғапұлының екі күйі талдауға алынды. Олар «Молқара» мен «Алшағыр-Шаған». Екі күйді де жеткізуші Т. Әсемқұлов. Қос шығарма екі түрлі ырғақ пен бір-біріне ұқсамайтын стильдік ерекшеліктері болғаннан соң арнайы іріктеліп алынды. Ескерте кетсек, күйлерді талдау барысында қалыптасқан заңдылықтарды сақтай отырып, жаңаша тәсіл ұсынып отырмыз. Яғни, домбыра мойынындағы дыбыстарды ноталардың аттарымен емес, байырғы перне атаулары бойынша атауды жөн санадық. Өйткені күйші домбыраның құлақ күйін келтіруде өзіне ыңғайлысын таңдағаннан соң, ресми аталып жүрген домбыра мойынындағы нота атаулары да түпті дыбыс биігінен алшақтап кететіні белгілі.

Әуелі «Молқара» күйіне тоқталайық. Ел аузындағы деректерге қарағанда, күй Абай Құнанбайұлының анасы Ұлжанның сіңлісіне арналған. Күйдің нотасы «Тәттімбет және Арқа күйлері» жинағынан алынды [1, 35].

Күй тек сегіз пернені ғана қажет етеді. Диапазоны «бас перне» (2-перне) мен «шешен перне» (12-перне) арасы.

Күй домбыраның орта буынында басталады. Астыңғы ішекте «көсем пернені» ұстап тұрып (5-перне), үстіңгі ішекте «жетім перне» (5-перне) мен ашық ішекті кезектесе шертіп бастайды. № 1-мысалда бұл айқын көрсетілген.

**Мысал № 1**



Әуен кіріспе сөзден дейін орта буындағы дыбыстық тұраққа келеді. Бұл «даңғыл перне», яғни, астыңғы ішектегі 9-перне. Әуен түрлене ойнақталып, күйдегі ең биік дыбысқа барып (шешен перне), сол мезетте иірімделене тұрақты дыбыс аймағына қайтып келеді.

*Мысал № 2*



Келесі мысалда көрсетілгендей, әуеннің құбылуы кез келген жерден орын алуы мүмкін. Негізгі тұрақты дыбыстар (5-7-ші пернелер) арасында қосымша әуен орындалып, күйді әшекейлендіріп жібергендей.

*Мысал № 3*



Күйде дыбыстық ауытқу да кездеседі. Осыған дейін басылмаған «емірелі перне» (11-перне) кездесіп, жаңаша әуенмен әрленеді. Ырғақ та түрленіп, өзіндік ерекшелігі бар қосымша буын ретінде келеді.

*Мысал № 4*



«Молғара» күйі Сарыарқа күйшілік мектебінде сай аяқталады. Яғни, негізгі буынды қайталай, соңғы тұрақты дыбыстарды бірнеше рет шерте (керек болса ырғақты түрлендіре) аяқтайды. Бұл тәсіл шамамен барлық аталмыш аймақтағы күйлерде кездеседі.

*Мысал № 5*



Ендігі сөзіміз «Алшағыр-Шаған» күйі жайында болмақ. Тәттімбеттің «Алшағыр-Шаған» күйі 2012 жылы Астана қаласында аудиотаспаға жазылды. Мәлімет беруші бұл күйді өзінің нағашы атасы Жүнісбай Стамбаевтан (1891 – 1973 ж.ж.) үйренгенін айтты [2]. Көп жылдар бойы шығарманың негізгі сарынын ғана есте сақтап, толық нұсқасын 2010 жылы қайта жаңғырта алды. Нотасы алғаш рет «Мәдени мұра» журналына жарияланған [3].

Күйдің қысқаша аңызы бойынша, ертеде Алшағыр және Шаған есімді қос батыр болған екен. Күндердің күнінде Шағанның ауылын жоңғарлар шауып кетіпті. Алшағыр артынан барып, батыр досының кегін қайтарып, жақындарын өз ауылына алып келеді екен. Халық арасында бұл оқиға қысқаша күйменен жетіпті. Кейін бұл күйді естіген Тәттімбет күйші күйді толықтырып, жаңа туынды ретінде дүниеге әкеліпті.

Күй теріс бұрауда жүреді. Бас дыбысы – жетім перне (5-перне). Дыбыс көлемі (ауқымы) ашық ішек пен Кет-Бұқа пернесі арасы (16-перне). Кіріспе сөзінен кейін негізінен тек жоғары қағыспен ғана жүретін күйдің алғашқы буыны басталады. Домбыраның кіші саға аумағында шертіледі.

**Мысал № 6**

Күйдің келесі буыны (бөлімі) 9-басқышындағы «даңғыл» аталатын пернеден басталады. Негізгі сарын сақталғанымен, ырғақтың құбылуын байқауға болады.

Бір қызығы, теріс бұрау күйлерінде шарықтау шегі болып табылатын шыңырау пернеге (17-перне) жетпей қайтады. Яғни, қалыптасқан заңдылыққа сүйенбей, өзінше дамып отырады. Аталмыш бөлімде ең төменгі перне («Кет-бұқаның» пернесі (16) қолданылады.

**Мысал № 7**

Негізінен жалғыз ішекте тартылып келетін күй, орта тұсынан бастап қос ішекке ауысады. Байырғы күйлердің сарынына осы буын қара шертпе қағыспен орындалады.

**Мысал № 8**

Күйдің негізгі айтар ойы осы тұс деп есептейміз. Арасында негізгі сарындық (тональдік) ауытқушылықтар кездеседі. Атап айтсақ, кенеттен пайда болатын құсар перне (15-перне) басылады. Дегенмен бұл буын ұзаққа созылмай екі қайрата тартылып, тез аяқталады.

**Мысал № 9**

Туындының соңы бастапқыдай жетім пернеде аяқталады. Бұл ретте күйді жеткізуші Т. Әсемқұловтың өз сөзін келтіруді жөн санадық: «... Ең соңында Алшағыр дүрілдетіп шеру тартып, Сарыарқаға қайтып келе жатқанын баян ететін тұста домбыраны арқыратып отырып алды. Содан соң барып күмілдеген төрт қағыспен аяқтаған» [4, 368]

**Мысал № 10**

Күй негізінен төменгі ішекте тартылады. Жоғарғы ішек жанама дыбыс ретінде пайдаланып, ара-арасында ғана кездеседі. Арнайы жоғарғы ішекті басу қажет емес. Жалпы күй мазмұны екі қайыра тартылып орындалады.

«Алшағыр-Шаған» күйінің бір ерекшелігі – қағысы. Туындының жартысынан көбі жоғарғы қағыспенен тартылады. Төменгі ішекті сұқ саусақтың ішкі жұмсақ жағымен іліп алғандай тартып отыру керек. Бұл орындаушыдан шеберлікті талап ететін әдіс. Тек күйдің орта тұсы мен соңғы «қорытынды сөзі» ғана қарапайым қара қағыс ретінде шертіледі.

Тәттімбет күйлері өзінің қайталанбас иірімдерімен ерекшеленеді. Жоғарыда мысал ретінде келтірілген екі күй де осының дәлелі. Біздің ендігі міндетіміз, осы сияқты өзге де күйлерді жаңаша зерттеп, бұрын пайдаланылмаған әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізу. Айтпағымыз, ХХІ ғасырда заман талабына сай күй талдау жұмыстары да жаңашылдану керек. Мақала барысында қолданылған күй талдау тәсілі әлі де зерделеніп, тағы да пысықтауды қажет етеді. Дегенмен біздің пікірімізше, күй, оның ішінде әсіресе Сарыарқа күйлері осылай қарастырылу керек. Сонда ғана отандық күйтану ғылымы жаңа белеске шығып, зерттеудің тың түрлері табылады деп санаймыз.

*Мақала ҚРБЖҒМ-нің BR05236868 «Сарыарқаның мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және дәріптеу» атты гранттық жобасы аясында жазылды.*

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Тәттімбет және Арқа күйлері / құраст.: А. Тоқтаған, М. Әбуғазы. – Алматы: «Білім», 2005. – 181, б.
2. Аудиожазба автордың жеке қорында сақтаулы.
3. **Нүркенов, Р.** Тәттімбеттің күйі – «Алшағыр-шаған» // Мәдени мұра. № 2 (71). – Астана, 2017. – 60–63 бб.
4. **Әсемқұлов, Т.** Шығармалары. Т. 1: Күйшілік туралы романдар. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2016. – 436 б.

#### **References (transliterated)**

1. Tattimbet zhane Arqa kujleri / kurast.: A. Toktagan, M. Abugazy. – Almaty: «Bilim», 2005. – 181 p.
2. Audiozhazba avtordyñ zheke qorynda saқтаuly.
3. **Nurkenov, R.** Tattimbettin kuji – «Alshagyr-shagan» // Madeni myra. № 2 (71). – Astana, 2017. – 60–63 pp.
4. **Äsemkulov, T.** SHygarmalary. T. 1: Kujshilik turaly romandar. Almaty: «Қазақ ehnciklopediyasy», 2016. – 436 p.

#### **Автор туралы мәлімет:**

*Нуркенов Рустем Шахмуранович – KazHeritage» орталығының жетекшісі, Астана қаласы.*

#### **Сведения об авторе:**

*Нуркенов Рустем Шахмуранович – руководитель центра «KazHeritage», г. Астана.*

#### **Information about the author:**

*Nurkenov Rustem – KazHeritage» center’s supervisor, Astana.*